


**Т.Рысқұлов аудандық білім
бөліміне қарасты мекеме
басшыларына!**

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Сіздерге Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 15.11.2023 жылғы №03-6892 шығыс хатын жұмыс үшін жолдайды. Атқарылған жұмыстар туралы мәліметті әр тармақ бойынша ақпаратты мекеменің ресми сайттарымен әлеуметтік желіге және аудандық білім бөліміне ағымдағы жылдың 29 қарашасына дейін тапсыру қажет.

Қосымша 2 бет

Басшының м.а



Б.Самылтыров

Н.Нұрбек
21410



080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 35
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

080012, город Тараз, пр. Төле би, 35
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

№ 03-6892

15.11.2023 ж.

Тараз қаласы мен аудандық
білім бөлімдерінің басшыларына
(тізім бойынша)

Колледждердің басшыларына

Қарасты мекемелердің
басшыларына

**«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні:
балаларға арналған өмір» атты
республикалық онкүндікті өткізу туралы**

Облыс әкімдігінің білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2023 жылғы 14 қарашадағы №16-1-16-3/6645-И хатына сәйкес төмендегілерді хабарлайды.


Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Комитеттің ұйымдастыруымен 2023 жылдың 15-25 қарашасы аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндік өткізіледі.

Республикалық онкүндікті ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар қоса ұсынылып отыр.

Республикалық онкүндікте балалық шақтың өзекті мәселелерін барынша қамту үшін іс шараларды келесі негізгі бағыттар бойынша іске асыру ұсынылады:

1) «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан қоғамдық маңызы бар тұлғалардың қатысуымен өтетін (2023 жылғы 20 қарашада сағат 10.00-де) брифингке онлайн түрде барлық білім беру ұйымдары басшыларының, педагогикалық, ата-аналар қоғамының қатысуы;

2) «Балалық шақты бірге қорғайық» – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің құқық қорғау



мекемелердің, жұмыспен қамту орталықтарының, прокуратура органдарының өкілдерімен, онлайн кездесуі;

3) **«Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі»** - Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекет іске асыратын іс-шаралар туралы хабардар ету мақсатында көп балалы аналармен, ата-аналар қауымдастықтарымен кездесулер ұйымдастыру;

4) **«Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!»** жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сынып оқушылары арасында бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы;

5) **«Бала құқығы – асыл қазына»** - жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы;

6) **«Түнгі қаладағы балалар»** - Ішкі істер министрлігімен бірлескен республикалық акция;

7) **«Балалар игілігі үшін»** - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің арасында қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесін өткізе отырып, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру;

8) **«Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!»** жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында этно-ұлттық сайысы;

9) **«Мен бақытты баламын!»** білім беру ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары арасында отбасылық спорт жарысы;

10) **«Мен және менің құқығым»** атты жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында дебат сайысы;

11) **«Менің құқықтарым»** атты жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің арасында викториналық сайысы;


Республикалық онкүндіктің ұсынымдарын жолдай отырып, орындалуы бойынша ақпаратты 2023 жылдың 25 қарашасына дейін ұсынуды сұраймыз.

Қосымша: 7 бет.

Басшының орынбасары



М.Нысанбаев



**Облыстардың, Астана және Алматы
қалаларының білім басқармаларына**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (*бұдан әрі – Комитет*) 1954 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы №836 (IX) қарары қабылданып, барлық елдерге 20 қараша күні Дүниежүзілік балалар күнін атап өтуге кеңес бергендігін хабарлайды.

Осыған байланысты, Комитет тарапынан 2023 жылғы 15-25 қараша аралығында «*Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір*» атты республикалық онкүндікті ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Республикалық онкүндіктің мақсаты: мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін балалардың мүддесі үшін мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне қоғамның назарын аударуда біріктіру.

Аталған онкүндікке білім беру ұйымдарының оқушылары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері, мемлекеттік органдардың, педагогикалық, ата-аналар қоғамының, бизнес-құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ өкілдері және т.б. қатысуы тиіс.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, республикалық онкүндікті ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, барлық өңірлердегі білім беру ұйымдарында аталған іс-шараны өткізу қажет.

Сонымен қатар, атқарылған іс-шаралар туралы ақпараттарды облыстық және қалалық білім басқармаларының, аудандық білім бөлімдерінің сайттарында *ағымдағы жылғы 30 қарашаға дейін* жариялауды және сайттардың сілтемелерін asemgul.abdikarimova@edu.gov.kz поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

Қосымша: 6 парақ.

Төраға

Н. Оспанова

Орынд: Ә. Әбдікәрімова
Тел: 74-25-17

**«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір»
республикалық онкүндікті ұйымдастыру және
өткізу бойынша ұсыныстар**

1954 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы №836 (IX) қарар қабылдады және барлық елдерге Дүниежүзілік балалар күнін атап өтуге кеңес берді.

Бүкіл әлемде Дүниежүзілік балалар күні **20 қарашада** атап өтіледі.

20 қараша күні кездейсоқ таңдалмады: 1959 жылы осы күні БҰҰ Бас Ассамблеясы «Балаларға бақытты балалық шақты қамтамасыз ету» мақсатымен Бала құқықтары туралы Декларация қабылдады.

Мереке барлық азаматтарды тиісті заңнамалық және басқа шараларды жүзеге асыра отырып, балалардың құқықтарын сақтауға шақырады.

Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. Дүниежүзілік балалар күніне танымдық, тақырыптық, мәдени және спорттық іс-шаралар циклін орайластыру жоспарлануда.

Өткізу мерзімі: 2023 жылғы 15 қарашадан 25 қарашаға дейін

Республикалық онкүндікке қатысушылар: білім беру ұйымдарының оқушылары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері, мемлекеттік органдардың, педагогикалық, ата-аналар қоғамының, бизнес-құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ өкілдері және т. б.

Республикалық онкүндіктің мақсаты: мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін балалардың мүддесі үшін мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне қоғамның назарын аударуда біріктіру.

Республикалық онкүндіктің міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның сындарлы диалогын құру;
- 2) балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік іс-шаралар туралы жұртшылықты хабардар ету;
- 3) қайырымдылық қозғалысын жандандыру;
- 4) балалардың барлық санаттарын мерекелік іс-шаралармен, оның ішінде қашықтықтан жаппай қамтумен қамтамасыз ету.

Республикалық онкүндікті өткізудің өзектілігі:

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Дүниежүзілік балалар күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне мемлекеттік органдарға,

үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарға ерекше назар аударудың дәлелі болып табылады.

Негізгі іс-шаралар. Балалық шақтың өзекті мәселелерін барынша қамту үшін іс шараларды келесі негізгі бағыттар бойынша іске асыру ұсынылады:

1) **«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір»** атты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан қоғамдық маңызы бар тұлғалардың қатысуымен өтетін (2023 жылғы 20 қарашада сағат 10.00-де) брифингке онлайн түрде барлық білім беру ұйымдары басшыларының, педагогикалық, ата-аналар қоғамының қатысуы;

2) **«Балалық шақты бірге қорғайық»** – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің құқық қорғау органдарының, медициналық мекемелердің, жұмыспен қамту орталықтарының, прокуратура органдарының өкілдерімен, онлайн кездесуі;

3) **«Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі»** - Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекет іске асыратын іс-шаралар туралы хабардар ету мақсатында көп балалы аналармен, ата-аналар қауымдастықтарымен кездесулер ұйымдастыру;

4) **«Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!»** жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сынып оқушылары арасында бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы;

5) **«Бала құқығы – асыл қазына»** - жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы;

6) **«Түнгі қаладағы балалар»** - Ішкі істер министрлігімен бірлескен республикалық акция;

7) **«Балалар игілігі үшін»** - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің арасында қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесін өткізе отырып, қайырымдылық акциясын ұйымдастыру;

8) **«Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!»** жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында этно-ұлттық сайысы;

9) **«Мен бақытты баламын!»** білім беру ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары арасында отбасылық спорт жарысы;

10) **«Мен және менің құқығым»** атты жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында дебат сайысы;

11) **«Менің құқықтарым»** атты жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің арасында викториналық сайысы;

Іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу:

1) облыстар, қалалар мен аудандар әкімдіктерінің, білім басқармаларының әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында Дүниежүзілік бала күнін дайындау және мерекелеу барысы туралы ақпаратты орналастыру;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында теле және радиосюжеттерді, баспа мақалаларын трансляциялау (жариялау) арқылы іс-шараларды дайындау және өткізу барысын жариялау;

3) облыстар, қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарларының, білім басқармалары басшыларының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттері директорларының орынбасарларының, Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдердің, ҮЕҰ-ның, сарапшылардың және т. б. қатысуымен брифингтер өткізу;

4) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы туралы өңірлік брифингтер өткізу *(қол жеткізілген нәтижелер және балаларға көрсетілген көмек туралы халықты хабардар ете отырып)*.

Күтілетін нәтиже:

1) республиканың барлық өңірлерінде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін іске асыратын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту;

2) балалардың құқықтарын қорғау саласында мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралары туралы жұртшылықты хабардар ету;

3) балалардың қоғам мен мемлекет өміріндегі өзекті мәселелерді шешуге қатысу құқығын іске асыру.